

**Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейдің
қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы
№ 4 хаттамасынан көшірме**

Күні: 2024 жылы 31 маусым

Қатысқандар : қамқоршылық кеңес төрағасы Д.М.Тажигутова, қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары С. Абдрахманов және кеңес мүшелері, мектеп-лицей директоры А. Уразалина, хатшы Ә. Әбілдаева

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.2023-2024 оқу жылындағы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша басшының есебі

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Д. Тажигутова қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейдің 2024 жылдың 02 маусымынан 30 маусымы аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп-лицей директоры А. Уразалинаға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

А. Уразалина - өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп-лицей директоры: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №№486 бұйрығының 2-тарау 3- тармағының 1,2-тармақшаларына сәйкес Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейдің кезектен тыс өткізілген №4 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 маусымынан 30 маусымы аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата- аналарынан сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға

арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үлгілі» деген қорытынды берілді.

Шығып сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері А.Нұрпейісова, А.Суликанова, Б.Күзенбай, Ж.Ермекова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Д.Тажигутова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті. Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып, қамқоршылық кеңесі шешім қабылдады.

ШЕШІМ ЕТТІ:


1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп – лицейдің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



Д. Тажигутова

Хатшы



Ө. Әбілдаева

Кеңес мүшелері




Абдрахманов С.Ш.



Бекбосынов А.С.



Алабаева Л.М




Қиынбаева С.Қ.



Суликанова А.Б.



Күзенбай Б.С.




Бальманиязова Г.М.



Нурпейсова А.А.



Ермекова Ж



Абдрахманова З



Талап А



Кульбаева А.Н.